

## БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫ ДЕГЕН НЕ?

Шетелдік азаматтар, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалардың бакалавриат бағдарламасына түсуі Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу ережесіне сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады және Қазақстан университеттерінің бірінде 180-240 ECTS кредитін меңгеруін қарастырады.

## КІМДЕР ӨТІНІМ БЕРЕ АЛАДЫ?

- кемінде «жақсы» деген бағасы бар орта білімді аяқтауды растайтын құжатқа ие;
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілін білетін

*шетелдік азаматтар немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар*

## ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР КЕРЕК?

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі;
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыныс хат;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса);
- тілді білетіндігін растайтын құжат.

## МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ ДЕГЕН НЕ?

Шетелдік азаматтар, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалардың магистратура бағдарламасына түсуі Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу ережесіне сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады және Қазақстан университеттерінің бірінде 60-120 ECTS кредитін меңгеруін қарастырады.

## КІМДЕР ӨТІНІМ БЕРЕ АЛАДЫ?

- кемінде 3.3 (4.0-ден) GPA орташа балымен бакалавр немесе маман дипломы немесе оның білім беру ұйымдарында алған баламасына ие;
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілін білетін

*шетелдік азаматтар немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар*

## ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР КЕРЕК?

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда транскриптімен);
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыныс хат;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса);
- тілді білетіндігін растайтын құжат.

## ДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ ДЕГЕН НЕ?

Шетелдік азаматтар, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалардың докторантура бағдарламасына түсуі Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу ережесіне сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады және Қазақстан университеттерінің бірінде 180 ECTS кредитін меңгеруін қарастырады.

## КІМДЕР ӨТІНІМ БЕРЕ АЛАДЫ?

- кемінде 3.3 (4.0-ден) GPA орташа балымен магистр дипломы немесе оның білім беру ұйымдарында алған баламасына ие;
- шетел тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификаты бар

*шетелдік азаматтар немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар*

## ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР КЕРЕК?

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда транскриптімен);
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыныс хат;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса);
- диссертациялық зерттеу тақырыбына қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі негіздеме;
- шетел тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификат.

## ГРАНТ

Конкурстық іріктеуден табысты өткен үміткерлер таңдаған Қазақстан Республикасының ЖОО қабылданады.

### Стипендия келесілерді **ҚАМТИДЫ**:

- таңдаған білім беру бағдарламасының толық оқу кезеңінде тегін оқуы;
- студенттің академиялық табысына қарай оқудың барлық кезеңіне арналған ай сайынғы стипендия.

### Стипендия келесілерді **ҚАМТЫМАЙДЫ**:

- жол жүру шығындары;
- тұруы;
- виза, медициналық сақтандыру.

## КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ

Стипендиялық бағдарлама бойынша үміткерлерді іріктеу Комиссиясы барлық түсу талаптарына сәйкес келетін және қажетті құжаттарды ұсынған үміткерлерді қарастырады.

Үміткерлерді іріктеу ұсынылған құжаттар және онлайн-тестілеу, онлайн әңгімелесу, уәждемелік эссе мен ұсыныс хаттар нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Стипендиаттар тізімі ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының сайтында орналастырылады.

## ОҚУҒА ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

1. [www.enic-kazakhstan.kz](http://www.enic-kazakhstan.kz) сайтындағы ақпаратты **ОҚЫҢИЗ**
2. Қажетті құжаттарды ұсыну арқылы порталда **ТІРКЕЛІҢИЗ**
3. Қазақстандық ЖОО мен білім беру бағдарламасын **ТАҢДАҢИЗ**
4. Бейімделу әлеуетін анықтауға арналған тестілеуді **ӨТІҢИЗ**
5. Онлайн әңгімелесуге шақыруды **КҮТІҢИЗ**
6. Өзіңізді стипендиаттар тізімінен **ТАБЫҢИЗ.**

## ҚҰЖАТТАРДЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРУ МЕРЗІМІ

**15 мамыр – 19 шілде 2019 жыл**



Бағдарлама операторы:  
ҚР БҒМ Болон орталығы және  
академиялық ұтқырлық орталығы  
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
Қабанбай батыр даңғылы, 28, 4 офис  
Тел.: + 77172 287 526  
email: [admission@n-k.kz](mailto:admission@n-k.kz)  
website: [www.enic-kazakhstan.kz](http://www.enic-kazakhstan.kz)



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**БОЛОН ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ  
ҰТҚЫРЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
СТИПЕНДИЯЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**



**НҰР-СҰЛТАН – 2019**